

ЖИНАҚТАУШЫ САҚТАНДЫРУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) (бұдан әрі – ҚР СК) жинақтаушы сақтандыру бойынша мынадай салықтық жеңілдіктер көзделген:

- 1) жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушыларға төленетін сатып алу сомаларын салық салудан босату;
- 2) жеке тұлғаның өз пайдасына, жұбайының немесе жақын туысының пайдасына жасасқан жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне салық салудан босату (мысалы, баланың білім алуына сақтандыру шартын жасасу);
- 3) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасына жеке тұлғаның салық салынатын табысын түзетуді жүзеге асыру (күнтізбелік жылы 320 АЕК-тен аспайды).

2. ЖИНАҚТАУШЫ САҚТАНДЫРУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

1. Сатып алу сомаларын салық салудан босату –

Сатып алу сомасы деп сақтанушының жинақтаушы сақтандыру шартының қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде алуға құқығы бар ақша сомасы түсініледі. Төлем шарттары мен сатып алу сомасының мөлшері жинақтаушы сақтандыру шартында міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

Жинақтаушы сақтандыру шарттары (ҚР СК 341-бабы 1-тармағы 37-1-тармақшасы) бойынша сақтандыру ұйымдары төлейтін сатып алу сомаларына жеке табыс салығы салынбайды. Сатып алу сомасын салық салудан босату үшін Сақтанушыға сақтандыру ұйымына қосымша құжаттар ұсынудың қажеті жоқ.

2. Өмірді жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомаларын салық салудан босату

Жинақтаушы сақтандыру шартын өз пайдасына және (немесе) жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына жасасқан кезде – мұндай шарт бойынша сақтандыру төлемдеріне жеке табыс салығы салынбайды (ҚР СК 341-бабы 1-тармағының 37-тармақшасы).

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері түсініледі.

Сақтандыру төлемін салық салудан босату үшін төлем алушы (пайда алушы) сақтандыру ұйымына сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тұлғамен туыстығын, неке қиюды растайтын құжаттарды ұсынады.

3. Жеке тұлғаның салық салынатын табысын жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасына түзетуді жүзеге асыру

ҚР СК 341-бабы 1-тармағының 53) тармақшасына сәйкес 3 жыл және одан көп мерзімге жасалған жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша күнтізбелік жыл ішінде төленген (төленген) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшеріне тең сомаға (бірақ АЕК-тің 320 еселенген мөлшерінен аспайтын) сақтанушының табысын салық салудан босату құқығы беріледі).

Жинақтаушы сақтандыру өнімдерінің осы артықшылығын пайдалану үшін сақтанушы өз жұмыс берушісіне келесі құжаттар пакетін ұсынуы қажет:

1) ЖТС түзетуді қолдану туралы өтініш (қоса берілген нысан);

2) сақтанушы жасаған жинақтаушы сақтандыру шартының көшірмесі;

3) сақтанушының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру жарналарын төлегенін растайтын құжаттардың көшірмелері (кассалық чек (егер төлем компанияның кассасына жүзеге асырылса), төлем тапсырмасы немесе өзге де төлем құжаты (егер төлем қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылса)).

Осы түзетуді қолдану үшін сақтандыру шарты бойынша сақтанушының және сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеушінің бірдей жеке тұлға болуы маңызды екендігіне назар аударамыз. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылатын төлеуші кірісті түзетуге құқылы.

Жеке тұлғаның ЖТС түзетуді қолдану туралы өтініші

Кімге _____

(атауы, салық агентінің (жұмыс берушінің) БСН)

Кімнен _____

(Аты-жөні, (жеке куәлікте жазылғандай) және жеке тұлғаның ЖСН)

«Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 341-бабы 1-тармағының 53) тармақшасына сәйкес төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден менің жеке табыс салығымды есептеу кезінде «Nomad Life» ӨСК» АҚ-мен жасалған _____ Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша мен төлеген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) сомасына ЖТС түзетуін қолдануды сұраймын.

Келесі құжаттардың көшірмелерін қоса беремін:

1. жинақтаушы сақтандыру шарты;
2. жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру жарнасының төленгенін растайтын құжат.

Қосымша «___» парақтарда.

Мен келесіні растаймын:

- 1) осы өтініште көрсетілген ЖТС түзетуді басқа салық агенттері (жұмыс берушілер) қолданбады.

_____ «___» _____ 20 ____ жыл

(Жеке тұлғаның Аты-жөні (жеке куәлікте жазылғандай) (қолы) (өтініш беру күні)
